

Қостанай облысының Рудный қаласы, Қостанай және Таран аудандарының шекараларын (шегін) өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 9 қарашадағы № 683 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі 13-бабының 5) тармақшасына, 108-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес облыстық маңызы бар Рудный қаласының шекараларына (шегіне) Қостанай және Таран аудандары жерлерінің жалпы ауданы 5288 гектар бөлігін қосу жолымен Қостанай облысы Рудный қаласының, Қостанай және Таран аудандарының шекараларын (шегін) өзгерту туралы «Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қостанай облысы Рудный қаласының, Қостанай және Таран аудандарының әкімшілік шекараларын (шегін) өзгерту туралы ұсынысты келісуге енгізу туралы» Қостанай облыстық мәслихатының 2015 жылғы 20 мамырдағы № 400 шешіміне және Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 мамырдағы № 3 қаулысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі Б.Сағынтаев*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 6 ж ы л ғ ы 9 қ а р а ш а д а ғ ы
№ 6 8 3 қ а у л ы с ы н а
қосымша

**Рудный қаласының шекараларына (шегіне) қосылатын
Қостанай облысының Қостанай және Таран аудандары жерлері
бөлігінің экспликациясы**

гектар

	Соның ішінде:		
	Ауыл шаруашылығы	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері,	
Рудный қаласының шекараларына (шегіне)			

Аудандардың атауы	қосылатын жерлердің алаңы, гектар	Е л д і мекендердің жерлері	мақсатына арналған жерлер	сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер	Босалқы жерлер
1	2	3	4	5	6
Қостанай	4746,0	648	2323	0	1775
Таран	542,0	0	403	36	103
Жердің жиыны:	5288,0	648	2726	36	1878

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК